

ҮЙҒАРЫМ

2021 жылғы 15 ақпан

№5144-20-00-2/194

Жетісай қаласы

Түркістан облысының Жетісай аудандық соты, құрамында: төрағалық етуші Е.А.Кожамкулов, хатшылықта С.Ғаппаровтың, Жетісай ауданы прокуратурасының аға прокуроры Б.Жусипбековтың отыруында, Жетісай аудандық сотының 2020 жылғы 19 наурыздағы шешімінде жіберілген қате жазуларды түзету туралы мәселесін қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Сотқа арыз беруші Жетісай ауданының прокуратурасынан 2020 жылғы 19 наурыздағы Жетісай аудандық сотының шешімінің қарар бөлігінен, жіберілген қате жазуларды алып тастау туралы келіп түсті.

Аталған арызда, арыз беруші 2020 жылғы 19 наурыздағы Жетісай аудандық сотының шешіміндегі №1 объектідегі «Leader DVD+R 16X/4.7 GB /120 MIN TITLE: DATE:» және ортасында «A+ LEADER DISK» техникалық сипаттамалары бар күлгін түсті компакт дискіні, №4 объект «Құран әліппесі» атты, дайындаған Ержан Бекет, №5 объект «A4 NOTE BLOCK» деген жазуы бар А4 форматта түптелген дәптер, №6 объект «Фатиха, Ясин, Мүлік сүрелері және 30 пара» атты, құрастырған Сәбит Ибадуллаев, мұқабасы көк түсті кітап, №7 объект «Направление установки К ленте не прикасаться» ішкі жағында «Сделано в СССР», төменгі жағында «BK-180 A06 20» техникалық сипаттамалары бар кара түсті бейнетаспа, №9 объект «Саңлақ сахабалар», авторы Алау Әділбаев, мұқабасы қоңыр түсті кітап, №10 объект «Мұғаллим сәни», Ахмад һәди Максуди, мұқабасы көк түсті кітап, №11 объект «Мұғалім сәни», мұқабасы жасыл түсті кітапша, №12 объект «40 хадис», мұқабасы ақ түсті кітапша, №13 объект «21. Сөзде және әрбір істе тура және әділ болу» деген сөздермен басталып, «мал сатқанда немесе алғанда, садаға қатысы жоқ шарт қою» деген сөздермен аяқталатын мұқабасыз кітапша, №14 объект «Мұсылман қоғаны», авторы Сәид әл-Қахтани, мұқабасы жасыл түсті кітап, №15 объект (Құран Кәрім), мұқабасы көк түсті кітап, №18 объект (Мутун толибул илм), «Ілім үйренушінің мәтіндері» (3-сынып), жинақтаушы д.Аблумухсин ибн Мухаммад әл-Қасим, мұқабасы қоңыр түсті кітап, №19 объект (Мутун толибул илм), «Ілім үйренушінің мәтіндері» (4-сынып), жинақтаушы д.Аблумухсин ибн Мухаммад әл-Қасим, мұқабасы жасыл түсті кітап» қате көрсетілген және оларды алып тастауды.

№1 объектідегі «Leader DVD+R 16X/4.7 GB /120 MIN TITLE: DATE:» және ортасында «A+ LEADER DISK» техникалық сипаттамалары бар күлгін түсті компакт дискінінің орнына, оның ішіндегі 1) «Казахстан, Кыргызстан приезжайте иншаалла ахи, я буду ждять вас здесь много братьев ждет вас, мы дуа будем делать иншаалла» деген сөздері бар, атауы /VID20150106-WA0029 ақпараттық материалды, 2) «... бәрі оңай барғой, машинаны сұрадым Аллах Тағаладан...» деген сөздермен басталатын, атауы /VID20150204-WA0013

ақпараттық материалды, 3) «Біз муаскер үйреніп жатырмыз. Сендерді, иншалла, осы сендер кафирлерді өлтіреміз біз иншалла, байыздаймыз» деген сөздері бар, атауы WhatsApp Video 2017-01-10 at 16.21.27/ видео материалдарын террористік деп тануды және олардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын, онда басып шығарылуына, әзірленуіне және (немесе) таратылуына, оның ішінде Интернет желісінің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер мен бейнехостингтерде, **сондай-ақ ақпараттық материалдар арқылы таратылуына тыйым салуды сұрады.**

Сотта арыз берушінің өкілі өтінішті қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот азаматтық іс материалдарын және арызды зерделеп, келесіге келеді.

Кешенді психологиялық-филологиялық және дінтанушылық сот сараптаманың 15.02.2017ж. №456 қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған №№1,2 объектілерде келтірілген көзқарастар мен ойлар «ИЛИМ» (ИШИМ), (ИМ) ислам террористік ұйымына жатады.

ҚР АПК-нің 235-бабының 2-бөлігіне сай, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Істің бұл тұрғысында, сот арызды қанағаттандырып, Жетісай аудандық сотының жоғарыда аталған азаматтық ісі бойынша 2020 жылғы 19 наурыздағы шешімінде жіберілген қателерді түзету қажет деп есептейді.

Жоғарыдағылардың негізінде, АПК-нің 235,268-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

2020 жылғы 19 наурыздағы Жетісай аудандық сотының шешімінің қарар бөлігінен №1 объектідегі «Leader DVD+R 16X/4.7 GB /120 MIN TITLE: DATE:» және ортасында «A+ LEADER DISK» техникалық сипаттамалары бар күлгін түсті компакт дискіні, №4 объект «Құран әліппесі» атты, дайындаған Ержан Бекет, №5 объект «A4 NOTE BLOCK» деген жазуы бар А4 форматта түптелген дәптер, №6 объект «Фатиха, Ясин, Мүлік сүрелері және 30 пара» атты, құрастырған Сәбит Ибадуллаев, мұқабасы көк түсті кітап, №7 объект «Направление установки К ленте не прикасаться» ішкі жағында «Сделано в СССР», төменгі жағында «BK-180 A06 20» техникалық сипаттамалары бар кара түсті бейнетаспа, №9 объект «Саңлақ сахабалар», авторы Алау Әділбаев, мұқабасы қоңыр түсті кітап, №10 объект «Мұғаллим сәни», Ахмад һәди Мақсуди, мұқабасы көк түсті кітап, №11 объект «Мұғалім сәни», мұқабасы жасыл түсті кітапша, №12 объект «40 хадис», мұқабасы ақ түсті кітапша, №13 объект «21. Сөзде және әрбір істе тура және әділ болу» деген сөздермен басталып, «мал сатқанда немесе алғанда, садаға қатысы жоқ шарт қою» деген сөздермен аяқталатын мұқабасыз кітапша, №14 объект

«Мұсылман қоғаны», авторы Сәид әл-Қахтани, мұқабасы жасыл түсті кітап, №15 объект (Құран Кәрім), мұқабасы көк түсті кітап, №18 объект (Мутун толибул илм), «Ілім үйренушінің мәтіндері» (3-сынып), жинақтаушы д.Аблумухсин ибн Мухаммад әл-Қасим, мұқабасы қоңыр түсті кітап, №19 объект (Мутун толибул илм), «Ілім үйренушінің мәтіндері» (4-сынып), жинақтаушы д.Аблумухсин ибн Мухаммад әл-Қасим, мұқабасы жасыл түсті кітап» атты файлдарын, дискілерін және кітаптарын экстремисттік деп тануды және оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салу туралы бөлігі алынып тасталсып, түзету енгізілсін.

№1 объектідегі «Leader DVD+R 16X/4.7 GB /120 MIN TITLE: DATE:» және ортасында «A+ LEADER DISK» техникалық сипаттамалары бар күлгін түсті компакт дискінінің орнына, оның ішіндегі 1) «Қазақстан, Қырғызстан приезжайте иншаалла ахи, я буду ждять вас здесь много братьев ждет вас, мы дуа будем делать иншаалла» деген сөздері бар, атауы /VID20150106-WA0029 ақпараттық материалды, 2)«... бәрі оңай барғой, машинаны сұрадым Аллах Тағаладан...» деген сөздермен басталатын, атауы /VID20150204-WA0013 ақпараттық материалды, 3)«Біз муаскер үйреніп жатырмыз. Сендерді, иншалла, осы сендер кафирлерді өлтіреміз біз иншалла, байыздаймыз» деген, атауы WatsApp Video 2017-01-10 at 16.21.27/ видео материалдарын **террористік деп танып** және олардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын, онда басып шығарылуына, әзірленуіне және (немесе) таратылуына, оның ішінде Интернет желісінің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер мен бейнехостингтерде, **сондай-ақ ақпараттық материалдар арқылы таратылуына тыйым салуды.**

Сот ұйғарымына наразы болған тарап, ұйғарым түпкілікті нысандайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының сот алқасына Жетісай аудандық соты арқылы жеке шағым беруге және өтінішхат келтіруге құқылы.



Е.А.Кожамкулов